23-02/109 02.11.2026

«БЕКІТЕМІН»
«ОҚМА» АҚ ректоры
Сейтжанова Ж.С.
2026 ж.

«ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНАЛЫҚ АКАДЕМИЯСЫ» АҚ ИНТЕРНДЕРІНІҢ КЛИНИКАЛЫҚ ТӘЛІМГЕРІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Е 293-2026

Күні	Көшірме	Басылым
		бірінші

Шымкент

1 "ОҚМА" АҚ Интернатура деканаты **ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ**

2 "ОҚМА" АҚ Сапа бойынша Кеңесінің шешімімен **БЕКІТІЛДІ**

Тексеру кезеңділігі – 3 жыл

МАЗМҰНЫ

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 4
2. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР 4
3. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР 5
4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР 5
5. ТӘЛІМГЕР ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ 6
6. ТӘЛІМГЕРДІ ІРІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ МЕН ФОРМАЛАРЫ 6
7. ТӘЛІМГЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ 6
8. ТӘЛІМГЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ 7
9. ТӘЛІМГЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ 8
10. БАСҚА ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫ 8
11. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР 8

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1.1 Осы ереже мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

–Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ;

–«Білім туралы» ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы;

–«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI Кодексі (өзгерістер мен толықтырулармен, оның ішінде интернатурада даярлау жөніндегі 221-бап);

–ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі №ҚР ДСМ-63 «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды (МЖМС) бекіту туралы» бұйрығы (өзгерістермен);

–ҚР ДСМ министрінің 2018 жылғы 18 қыркүйектегі №ҚР ДСМ-16 «Медицина кадрларын интернатурада даярлау қағидаларын және резидентурада даярлау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы (өзгерістермен, оның ішінде 2024 жылғы 21 маусымдағы № 27 бұйрық);

–ҚР ДСМ министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-304/2020 клиникалық база туралы бұйрығы;

–ҚР ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы №4 бұйрығы (біліктілік талаптары);

–ISO 9000:2015, ISO 9001:2015; «ОҚМА» АҚ ішкі стандарттары (СБ 001-2024, СТ 004-2024, СТ 007-2024, СТ 008-2024, СТ 010-2024, СТ 020-2024, СТ 023-2024);

–К 121-2026 Академиялық адалдық кодексі;

– Е 507-2026 «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі;

–Е 414-2026 «ОҚМА» АҚ клиникалық қызметі туралы ереже;

–Е 303-2026 «ОҚМА» АҚ клиникалық кеңесі туралы ереже.

2. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

2.1 Осы ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

–**Интернатура** — медицина кадрларын даярлау білім беру бағдарламасының қорытынды бөлігі, клиника жағдайында практикалық даярлықты және дәрігердің кәсіби құзыреттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді;

–**Интерн** — клиникалық тәлімгер мен клиникалық кафедра оқытушыларының басшылығымен интернатура білім беру бағдарламасын игеретін білім алушы;

–**Интернатура базасы (клиникалық база)** — интерндердің практикалық даярлығы үшін жағдай жасайтын денсаулық сақтау ұйымы немесе білім беру ұйымының клиникасы;

–**Интерннің жеке жұмыс жоспары** — интернатура білім беру бағдарламасы негізінде қалыптастырылатын, игерілетін практикалық дағдылар тізбесін анықтайтын жоспар;

–Клиникалық тәлімгер — кәсіби құзыреттер шеңберінде интерндердің практикалық дағдыларын қалыптастыру үшін медициналық ұйымның немесе білім беру ұйымының басшысы тағайындайтын, кемінде бес жыл өтілі бар медицина қызметкері;

–Құзыреттілік — оқыту процесінде алынған білімді, іскерлік мен дағдыны кәсіби қызметте практикалық қолдану қабілеті;

–Академиялық адалдық — оқыту, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтау;

–Жасанды интеллект (ЖИ) — адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет;

–Медициналық ұйым (МҰ) — медициналық қызметті жүзеге асыратын және білім алушыларды клиникалық даярлауды жүзеге асыратын заңды тұлға.

3. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы ережеде келесі белгілер мен қысқартулар қолданылады:

–«ОҚМА» АҚ — «Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы» акционерлік қоғамы;

–ЖЖЖ — интерннің жеке жұмыс жоспары;

–МҰ — медициналық ұйым;

– КБ — клиникалық база;

–ПОҚ — профессорлық-оқытушылық құрам;

–МЖМС — мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт;

–ЖИ — жасанды интеллект.

4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Осы «Интерннің клиникалық тәлімгері туралы ереже» (бұдан әрі — Ереже) — тәлімгерліктің түпкілікті нәтижесіне қол жеткізу процесін, «ОҚМА» АҚ интерндерінің практикалық дағдыларын меңгеруін, клиникалық тәлімгер жұмысын ұйымдастыру мен жоспарлауға қойылатын бірыңғай талаптарды, іріктеу тәртібін, құқықтары мен міндеттерін, жұмыс нысандары мен бағалау әдістерін айқындайтын ішкі жергілікті құжат болып табылады.

4.2 Клиникалық базалар мен клиникалық кафедралардың қызметі «ОҚМА» АҚ клиникалық базалары болып табылатын денсаулық сақтау ұйымдары арасындағы бірлескен қызмет туралы шарттармен реттеледі.

4.3 Осы Ереже клиникалық базалар (КБ) болып табылатын медициналық ұйымдардың (МҰ) қызметкерлеріне де, сондай-ақ КБ-да емдеу-диагностикалық және консультациялық жұмыс атқаратын ПОҚ қатарынан «ОҚМА» АҚ клиникалық кафедраларының штаттық қызметкерлеріне де қолданылады.

4.4 МЖМС мен интернатурада медицина кадрларын даярлау қағидаларын ескере отырып, тәлімгерлік интерннің интернатура білім беру бағдарламасында көзделген оқыту нәтижелері мен кәсіби құзыреттеріне қол жеткізуіне бағытталады.

5. ТӘЛІМГЕР ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ

5.1 Тәлімгер жұмысының мақсаты — интерндердің кәсіби теориялық және практикалық құзыреттерін игеруге, жетілдіруге, медициналық этика мен деонтология нормаларын меңгеруге жәрдемдесу.

5.2 Тәлімгер жұмысының негізгі міндеттері:

–интерндерге жеке кәсіби тәжірибесін, білімін, іскерлігі мен дағдыларын беру;

–интерндерге адал еңбек практикасы қағидаттарын қалыптастыру және дарыту;

–интерндердің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру және олардың дайындығын анықтау;

–интерндердің кәсіби және мансаптық әлеуетін арттыру;

–тәжірибе алмасу және тәлімгерлер арасындағы ынтымақтастық.

5.3 Тәлімгер өз жұмысында құпиялылық, кері байланыс, жеке тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу және ынтымақтастық принциптерін басшылыққа алады.

6. ТӘЛІМГЕРДІ ІРІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ МЕН ФОРМАЛАРЫ

6.1 Интерннің клиникалық тәлімгері «ОҚМА» АҚ клиникалық базаларында жұмыс істейтін, тиісті мамандық бойынша еңбек өтілі кемінде 5 жыл, бірінші немесе жоғары санатты білікті мамандар қатарынан іріктеледі.

6.2 Тәлімгерді іріктеу критерийлері:

–кәсіби құзыреттіліктің жоғары деңгейі және тиісті мамандық бойынша практикалық дағдыларды меңгеру;

–медициналық этика мен деонтология нормаларын сақтау, ұжымдағы бедел;

–білім беруге қабілеті және тәлімгерлік қызметке дайындығы;

–қолданыстағы тәртіптік жазалардың болмауы.

6.3 Клиникалық тәлімгерді тағайындау медициналық ұйымның немесе білім беру ұйымының басшысының бұйрығымен рәсімделеді. Бір тәлімгерге, әдетте, 6–8 интерннен артық емес интерн бекітіледі.

7. ТӘЛІМГЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

7.1 Клиникалық тәлімгер келесілергеқұқылы:

–интерннің практикалық даярлығын ұйымдастыру үшін қажетті ақпарат пен оның оқу қызметі туралы мәліметтер алуға;

–интернді клиникалық база ұжымының қоғамдық және кәсіби өміріне тартуға;

–интернді даярлауға байланысты мәселелерді талқылауға қатысуға, көтермелеу туралы ұсыныстар енгізуге;

–интерннің қызметін тапсырмалардың орындалу сапасы мен уақытылығын, медициналық құжаттаманы жүргізуді тексеру арқылы бақылауға;

–интерннен жеке жұмыс жоспарын орындауды талап етуге;

–жеке сипаттағы себептермен тәлімгер міндеттерін өзінен алу туралы уәжді өтінішпен жүгінуге.

8. ТӘЛІМГЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ

8.1 Клиникалық тәлімгер төмендегілерге міндетті:

–интернге өз білімі мен тәжірибесін беруге, интернатура білім беру бағдарламасына сәйкес практикалық даярлықты қамтамасыз етуге;

–жеке үлгісімен интерннің оң қасиеттерін, клиникалық ойлауы мен кәсіби дүниетанымын дамытуға;

–интерн жұмысының нәтижелерін және практикалық дағдыларды игеруін бағалауға;

–интерннің клиникалық протоколдарды, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды, еңбек қауіпсіздігін сақтауын бақылауға;

–интернді диагностика, емдеу, медициналық құжаттаманы жүргізу мәселелері бойынша консультациялауға;

–мерзімді түрде (екі аптада бір реттен кем емес) клиникалық кафедра меңгерушісіне интерннің бейімделуі, тәртібі және кәсіби даму нәтижелері туралы баяндауға;

–лауазымдық міндеттерді регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілерді зерделеуді қамтамасыз етуге;

–медициналық әдеп, деонтология, дербес деректердің құпиялылығы және дәрігерлік құпия талаптарын сақтауға.

8.2 «ОҚМА» АҚ қызметкері (лауазымына қарамастан) білім алушылар мен әріптестер арасында академиялық адалдық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға міндетті.

8.3 Қызметкер жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

9. ТӘЛІМГЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Тәлімгер келесілерге жауапты:

–клиникалық тәлімгер осы ережеде көзделген міндеттердің тиісінше орындалуына ҚР заңнамасына сәйкес жауапты;

–интерннің практикалық даярлығын ұйымдастыру сапасына және құзыреттерін бағалаудың объективтілігіне жауапты;

–медициналық әдеп, деонтология, дербес деректердің құпиялылығы талаптарын сақтауға жауапты;

–міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін ҚР еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін;

–медициналық көмек сапасына немесе пациенттердің қауіпсіздігіне әсер ететін бұзушылықтар туралы басшылықты уақытылы хабардар етуге жауапты.

9.2 Қызметкер ЖИ құралдарын қолданғанда алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді және түпкілікті шешімдер үшін жеке жауапты.

10. БАСҚА ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫ

10.1 Клиникалық тәлімгер интерндерді даярлау мәселелері бойынша кафедралармен, интернатура бөлімімен (деканатымен), клиникалық бөлімшелермен және өзге де құрылымдық бөлімшелермен өзара іс-қимыл жасайды.

10.2 Тәлімгерлік қызмет барысында клиникалық тәлімгер интерндердің практикалық даярлығын ұйымдастыру мәселелері бойынша клиникалық базаның құрылымдық бөлімше басшыларымен өзара әрекеттеседі.

10.3 Өзара іс-қимыл кәсіби ынтымақтастық, қызметтік әдепті сақтау және медициналық білім беру сапасын қамтамасыз ету қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

10.4 Интернді даярлау сапасына немесе пациенттердің қауіпсіздігіне әсер ететін бұзушылықтар анықталған жағдайда клиникалық тәлімгер тиісті құрылымдық бөлімшелер мен ұйым басшылығын уақытылы хабардар етуге міндетті.

11. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

11.1 Қолданылу мерзімінің мониторингін және клиникалық базалармен тиісті шарттарды рәсімдеуді «ОҚМА» АҚ құрылымдық бөлімшелері реттейді.

11.2 Интернатураның клиникалық тәлімгерлері тізімін қалыптастыруды және ұсынуды «ОҚМА» АҚ құрылымдық бөлімшелері жүзеге асырады.

11.3 Осы Ереже «ОҚМА» АҚ Сапа жөніндегі кеңесі бекіткен сәттен бастап қолданысқа енгізіледі; тексеру кезеңділігі — 3 жыл.

Әзірлеген:

Лауазым	**Т.А.Ж.**
Интернатура деканы	Кемельбеков К.С.

Тексерген:

Лауазым	**Т.А.Ж.**
Кадрлық қызмет бөлімінің меңгерушісі	Елеусизова Г.Л.
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Ержанов Н.А.
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О.А.

Келісілген:

Лауазым	**Т.А.Ж.**
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	М.У. Анартаева
Комплаенс офицер	Н.А. Пернебаев